

# Станция Лайт

Бұл нұсқаулықта тек ең негізгілері берілген.  
Толық ақпаратты Анықтамадан таба аласыз.  
Ол үшін QR кодын сканерлеңіз.



## Қалай қосу керек?


- 1 Құрылғыны қуат көзіне жалғап, оның жүктелгенін күтіңіз.
- 2 «Дом с Алисой» немесе «Яндекс — с Алисой» қолданбасын ашыңыз.
- 3 Қолданбада Алиса белгішесін басып, былай деңіз:

### — Бағанды ретте

Содан кейін сөзкөмектерді орындаңыз. Бірдеңе дұрыс болмаса, Анықтама бөлімін қараңыз: [yandex.ru/support/station-lite](https://yandex.ru/support/station-lite).



Дом с Алисой қолданбасын жүктеп алу  
[ya.cc/iot\\_app](https://ya.cc/iot_app)



## Баптауларды бастапқы күйіне қалай қоюға болады?

- 1 Құрылғыдан қуат адаптерін ажыратыңыз.
- 2 Микрофондарды өшіру түймесін басып тұрып, қуат адаптерін құрылғыға қайта жалғаңыз.
- 3 Жарық сақинасы сары болып жанғанша, түймені басып тұрыңыз.
- 4 Алисаның сәлемдесуін күтіңіз және құрылғыны Wi-Fi® арқылы интернетке қосыңыз.

### **Техникалық сипаттамалары**

Үйге арналған мультимедиялық платформа  
«Яндекс Станция» (маркетингтік атауы —  
Яндекс Станция Лайт).

Моделі  
YNDX-00026

Ауқымы (диаметрі × биіктігі)  
90 × 65 мм

Таза салмағы  
350 г

Сымсыз байланыс  
Wi-Fi® 802.11 b/g/n/ac (2,4 и 5 ГГц),  
Bluetooth® 5.0, BLE

Динамиктер  
1 кеңжолақты динамик — 44,5 мм

Жалпы акустикалық қуаттылығы  
6 Вт

Жілік диапазоны  
130–20 000 Гц

Микрофондар  
2 дана

Қуат беру  
USB Type-C ұясымен 5 В  $\equiv$  2 А

Қуат адаптері

Моделі  
Y10-52C

Кіріс сипаттамалары  
Номиналды кернеу 100–240 В~  
Номиналды жиілік 50–60 Гц,  
Номиналды тогы 100 Вт кезінде 0,35 А

Шығыс сипаттамалары  
5 В / 2 А

Қорғаныс санаты  
II



### **Қорапта не бар?**

Яндекс Станция Лайт, қуат адаптері, нұсқаулықтар.

### **Кепілдік: 1 жыл**

Қызмет ету мерзімі: 2 жыл. Өндіруші құрылғы мен қуат беру адаптерін осы нұсқаулық бойынша пайдаланған жағдайда өндірістік ақаулар мен материал ақауларының болмауына кепілдік береді.

Осы нұсқаулықта белгіленген талаптарды бұзу немесе құрылғы адаптерін мақсатына сай пайдаланбау салдарынан келтірілген залалға өндіруші жауап бермейді. Істен шыққан жағдайда, сервистік орталыққа жүгініңіз.

### **Қауіпсіздік шаралары**

Құрылғы мен қуат адаптеріне ылғал түсуіне жол бермеңіз. Оларды дымқыл қолмен ұстамаңыз және оларды ылғалдылығы жоғары жерлерде (мысалы, жуынатын бөлмеде немесе асүйдегі жуғыш жанында) пайдаланбаңыз.

Құрылғы мен қуат адаптерін тікелей күн сәулесі түсетін жерде, ашық от көзінің, жылытқыш аспаптардың немесе микротолқынды пештердің жанында қалдырмаңыз.

Қуат көзіне қосылған құрылғыны қараусыз қалдырмаңыз.

Құрылғымен бірге ұсынылған қуат адаптерін ғана пайдаланыңыз. Қуат кабелінің сынуына жол бермеңіз.

Желі розеткаларын, ұзартқыштарды немесе адаптерлерді шамадан тыс жүктемеңіз. Құрылғыны ажырату үшін құрылғы ашасы әрдайым қолжетімді болуы керек.

Қуат адаптерін розеткадан ажыратқан кезде кабельді емес, адаптер блогынан ұстап тартыңыз.

Құрылғы мен қуат адаптерін бөлшектемеңіз. Тек сервистік орталықта техникалық қызмет көрсетілуі және жөнделуі тиіс. Құрылғының немесе қуат адаптерінің қандай да бір бөлігі зақымдалғанда, істен шыққанда, түтіндегенде, құрылғыдан әдеттен тыс шуыл не иіс шыққанда, оны розеткадан дереу ажыратып, қолдау қызметіне не сервистік орталыққа жүгініңіз.

Құрылғы мен қуат адаптерін балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз. Балаларға құрылғыны ересек адамдардың қарауынсыз пайдалануға тыйым салыңыз. Құрылғыны тек ересек адамдар қосып-өшіруі тиіс.

Мақсатына сай және осы нұсқауларға сәйкес пайдаланғанда, жеткізу жиынтығындағы құрылғы мен қуат адаптері қауіпсіз.

### **Пайдалану шарттары**

Құрылғы мен қуат адаптері қауіпті және зиянды факторлардың әсері жоқ тұрғынжайларда тек тұрмыста пайдалануға арналған.

Құрылғыны тек осы нұсқаулық бойынша қосыңыз және баптаңыз.

Құрылғы мен қуат адаптерін +10 және +35°C аралығындағы температурада, 20–80 % салыстырмалы ылғалдылықта пайдаланып, сақтаған жөн. Ұзақ мерзімге тек температурасы –10 және +35°C аралығында, салыстырмалы ылғалдылығы 95 %-дан аспайтын тұрғынжайда зауыттық қаптамада сақтауға болады.

Кез келген көлік құралымен және кез келген қашықтыққа тасымалдауға болады. Тасымалдау кезінде құрылғының барлық бөліктері зауыттық қаптамада болуы керек.

Құрылғы мен қуат адаптері су өткізуі мүмкін және шаңнан толық қорғалмаған. Сонымен қатар ол құлаудан және соғылудан қорғалмаған.

Құрылғыдағы бағдарламалық жасақтама автоматты түрде жаңартылады. Жаңартылып жатқан құрылғыны қуат көзінен ажыратпаңыз.

### **Сертификация**

«Яндекс Станция» (маркетингтік атауы — Яндекс Станция Лайт) мультимедиялық платформасы, YNDX-00026 моделі.

КО ТР 020/2011 «Техникалық құралдардың электромагниттік үйлесімділігі», КО ТР 004/2011 «Төмен вольтті жабдықтар қауіпсіздігі туралы», ЕАЭО ТР 037/2016 «Электротехника және радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттарды қолдануды шектеу туралы» техникалық регламенттерге сәйкес. Сертификаттар мен декларацияларға сілтеме: [yandex.ru/support/station-lite](http://yandex.ru/support/station-lite).

**Өндіруші:** Yandex Information Technology (Shanghai) Co., Ltd., WeWork 327, 135 Yanping Road, Jing'an District, 200042 Shanghai, China. «Информационно-технологическая компания «Яндекс» ЖШҚ (Шанхай), Яньпин-роуд, 135, WeWork, 327-кеңсе, Цзиньань ауданы, Шанхай, Қытай, 200042.

**Импорттаушы:** «Лаборатория Алисы» ЖШҚ, Лев Толстой к-сі, 16, Мәскеу, 119021, Ресей.

**Шығарылған күні:** қаптамада көрсетілген.

Қытайда шығарылған.



### **Утилизация**

Құрылғы мен қуат адаптерін әдеттегі тұрмыстық қалдықтармен бірге тастауға болмайды. Қызмет ету мерзімі аяқталғаннан кейін, оларды электроника утилизациялау пунктіне тапсырыңыз.



### **Зияткерлік меншік туралы мәліметтер**

Барлық аталған атаулар, логотиптер және сауда белгілері олардың иелеріне тиесілі, тіркелген сауда белгілері болып табылады. Apple логотипі мен Apple — Apple Inc. компаниясының (АҚШ) сауда белгілері. Google Play логотипі мен Google Play — Google LLC корпорациясының сауда белгілері. Wi-Fi® және Wi-Fi логотипі — Wi-Fi Alliance компаниясының сауда белгілері. Bluetooth® атауы және логотиптері — Bluetooth SIG, Inc.

Құрылғы «Дом с Алисой» немесе «Яндекс — с Алисой» қолданбасының көмегімен қосылады және реттеледі. Қолданбаны пайдалана отырып, [yandex.ru/legal/smarthome\\_mobile\\_agreement/](http://yandex.ru/legal/smarthome_mobile_agreement/) және [yandex.ru/legal/yaalice\\_mobile\\_agreement/](http://yandex.ru/legal/yaalice_mobile_agreement/) сайттарындағы шарттарға келісесіз.

Құрылғыны Алиса дауыстық көмекшісімен немесе мобильдік қолданбамен («Дом с Алисой» немесе «Яндекс — с Алисой») басқаруға болады. Дауыстық көмекшіні пайдалана отырып, [yandex.ru/legal/alice\\_terms\\_of\\_use/](http://yandex.ru/legal/alice_terms_of_use/) сайтындағы шарттарға келісесіз.



Қолдау қызметінің чаты

8 800 600-78-11

Мәскеу уақыты бойынша күн сайын сағ.  
07:00 бастап 00:00 дейін (Ресей аумағында  
қоңырау шалу тегін)

© «ЯНДЕКС» ЖШҚ, 2024. «Яндекс», «Умный дом Яндекса», Яндекс және Алиса логотиптері — «ЯНДЕКС» ЖШҚ компаниясының Ресейде және басқа елдерде тіркелген сауда белгілері.